



Автор: Абдрахманова Асем Амановна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Ақпаратты ұсыну

Тақырып: Ақпаратты тасымалдау

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.2.1.3 – ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарына мысал келтіру. |
| Сабақтың мақсаты: | - Ақпарат беруші және қабылдаушы арналарын ажырата алады. - Ақпарат беруші және қабылдаушы туралы өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіре алады. - Ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарды практика жүзінде ұйымдастыра алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқытудың тілдік мақсаты: Ақпарат беруші және қабылдаушы арналары туралы біледі (радио, телефон, телеграф т.с.с) Пәнге қатысты лексика және терминология: Ақпарат, арналар, ақпарат беруші, қабылдаушы. Диалог құруға/ жазылымға қажетті сөздер топтамасы: 1. Ақпарат беруші-..... 2. Ақпарат тасымалдаушыға мысал келтір.... |
| Бағалау критерийлері: | Ақпарат беруші және қабылдаушы арналар туралы біледі. Ақпарат тасымалдауда кездесетін түрлі жағдайлармен жұмыс жасай біледі. Практика жүзінде ақпаратты тасымалдау үдерісімен жұмыс жасап, қолдана алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | - Мәңгілік ел ұлттық идеясының қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы бөлімі аясында оқушылардың бойына өмір қауіпсіздігін ұғындыру мақсатында «Жолда жүру ережелері» тақырыбы белсенді оқу әдістерінде көрініс тапты. - Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік. Оқушылардың арасында топта бірлесіп жұмыс жасау, бір-бірінің пікірін тыңдай білу, сыйластыққа, жауапкершілікпен жұмыс жасауға баулу. |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі (Ақпарат – Информация –Information) Тарих пәнінен адамдардың ерте кездегі ақпаратты қалай тасымалдағаны туралы мәлімет беру. |
| Бастапқы білім: | Ақпараттың түрлерін, өлшем бірліктерін ажырату. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|------------------------|-----------|
|-----------------|------------------------|-----------|

| | | |
|----------------------------------|--|---|
| <p>Сабақтың басы (5 мин)</p> | <p>Ұйымдастыру. Сабақ мақсаттарын қою. Балалар! Бүгінгі біздің сабақ жай сабақ емес, ЖОЛда жүру ережелері ӘЛЕМне саяхат. Мен сендерге тілейтінім, сабаққа жақсы қатысып, өздеріңді жақсы көрсету. Слайд1-2 Осы ұранмен сабағымызды бастайық! Атмосфераны жақсарту үшін климат құру. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Жол қауіпсіздігі туралы сөйлескенде, біз нені бірден есімізге түсіреміз? Әрине, бағдаршам! Сонымен, бүгінгі сабақта бағдаршамның стратегиясы сізге келесі ақпаратты береді: ҚЫЗЫЛ - Абайлаңыз! - түсінбедім! САРЫ - дайындалыңыз! - көмек керек! ЖАСЫЛ - жауап беруге рұқсат! - Мен аламын! Топтарға бөлу. / «Жол реттеуші» стратегиясын қолдану. Сабағымыздың басында РЕТТЕУШІ сізді 3 топқа бөледі. 1 топ - флэш карта, 2 топ - диск, 3 топ - дискета</p> | <p>PowerPoint презентациясы БАҒДАРШАМ СҮРЕТІ</p> |
|----------------------------------|--|---|

Сабақтың ортасы
(32 мин)

Ал, енді жол белгілерімен танысуға кірісеміз



1- жол белгісімен таныстыру

Үй тапсырмасы. «Суық орындық» әдісі. Орындықта отырған оқушы сыныптастарына сұрақ қояды. Үй тапсырмасын тексеру үшін алдын ала қабілеті жоғары оқушыға сұрақ дайындап әкелу тапсырма беріледі. Мысалы келесі сұрақтар болу мүмкін.

1. Ақпараттың қандай түрлерін білесің?
2. Ақпараттың қандай қасиеттерін білесің?
3. Ақпараттың өлшем бірліктері ата?
4. Адамдар арасында ақпаратты беру қандай формада жүргізіледі?
5. Ақпарат жеткізушіге қандай мысал келтірер едіңіз?



2-жол белгісімен таныстыру

Видеоролик көрсету «Жол қауіпсіздігі» /тақырыпқа кіріспе ретінде/ Видеороликті көргеннен кейін, «Миға шабуыл» әдісі арқылы оқушылар тақырыпты ашады. Оқушылар, мына роликті сіздер не арқылы қабылдап отырсыздар? Әрине, көз арқылы - көру арқылы, құлақ арқылы - есту. Ал, енді ол ақпаратпен не істейсіздер? Ия, дұрыс. Естеріңде сақтайсыңдар және өзгерте аласыздар. Адам ақпаратты қайда сақтайды? Ежелгі және заманауи ақпаратты тасымалдаушыларға мысал келтіріңдер.



3-жол белгісімен таныстыру

Жаңа сабақ: Слайд3 «Ақпаратты тасымалдаушы»

Байланыс арнасы

- Канал связи - Link Ақпарат көзі
- Источник информации- The source of information

Ақпаратты қабылдағыш - Приемник информации

Тасымалдаушы - Переносчик информации

Тапсырма. (Жеке жұмыс) «Сәйкестендіру» Кестеде берілген суреттерге сәйкес ақпарат түрін анықтау немесе сәйкестігін табу, түйсіуін жинақсыру /Дүңгейлі тапсырма/ Аңғейі



Дескриптор:

- 1-жағдаяттағы ақпарат берушіні анықтай алады;
- 1-жағдаяттағы ақпарат қабылдаушыны анықтай алады;
- 2-жағдаяттағы ақпарат берушіні анықтай алады;
- 2-жағдаяттағы ақпарат қабылдаушыны анықтай алады;

Оқушыларға жол белгілері көрсетіледі.

Карточка Карточка
Видеоролик PowerPoint презентациясы

<https://learningapps.org/display?v=p6ioqaza518>

<https://learningapps.org/display?v=ppdccjr1v18>

<https://learningapps.org/display?v=pxy76ib1318>

Мұғалімнің мадақтауы

Қабырғаға автобустың

суреттері ілінеді

Видео, аудио, ғаламтор.

Информатика оқулығы,

Атамұра баспасы. 32 бет.

| | | |
|--------------------------|--|--------------------------------------|
| Сабақтың соңы (3 мин) | Рефлексия. Бағдаршам әдісі бойынша әр топ басшысы тобындағы оқушыларда қанша қандай смайлик бар екенін санап, мұғалімге ақпарат береді. Бұл сөздер оқытудың мақсаттарымен сәйкес келуін ескерту және қадағалау керек. Үйге тапсырма: 8 тақырыпты оқу. The lesson is over good bye. | Информатика 6 сынып оқулығы, 32 бет. |
|--------------------------|--|--------------------------------------|